

ӘОЖ 657.6:336.1

МЕМЛЕКЕТТІК ЭЛЕКТРОНДЫҚ АУДИТ

**Аманжолов Арлан Алимжанович, Искакова Мадина Болатовна, Мақұлбаева Лимара
Таңжарыққызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
ara_kazax@mail.ru


Ғылыми жетекшісі: Алибекова Б.А., э.ғ.к., доцент

Ақпараттық технологиялар дамыған ХХІ ғасырда экономиканы, оның ішінде мемлекеттік секторды, жан-жақты цифрландыру маңызды іс-шара болып табылады. Осы тұрғыда, мемлекеттік сектор аудиті мен мемлекеттік аппарат жұмыстарын бағалауды жаңаша жүзеге асырушы мемлекеттік аудит органдарындағы процестерді цифрландыру өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті цифрландыру қажеттілігі көптеген стратегиялық жоспарларда және мемлекеттік, үкіметтік бағдарламаларда көрініс табады [1; 2].

Мемлекеттік аудитті мемлекеттік секторда жүргізу адами фактормен тығыз байланысты, яғни осы салада адами фактордың бар болуы көптеген қателіктер жіберу тәуекелділігін айғақтайды. Сондықтан мемлекеттік аудитті жүргізу саласына электрондық аудит түріндегі жүйесін енгізу маңызды болып табылады. Қазіргі таңда электрондық мемлекеттік аудит базасы мемлекеттік аудит органдарының жүйесінде қалыптасу кезеңі үстінде. Осыған орай, мемлекеттік аудит органдары қызметіне цифрландырудың енгізілуінің

табылатын "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңына сәйкес әзірленді және уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу тәртібін айқындайды [3]. 2017 жылы үйлестіру кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және электронды аудитке көшуді қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру мақұлданған болатын. Сонымен қатар, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ақпараттық жүйелердің тиімді қолданылуын және өзара әрекеттесуін қамтамасыз ете отырып, аудит объектілеріне және олардың өкілдерімен «тікелей байланыстарға» қол жетімділікті азайту көзделген болатын. Деседе, интеграциялау жұмысы тиісті деңгейге әлі жеткен жоқ. Оның себептері, біріншіден, Есеп комитетінің ақпараттық жүйесімен интеграциялауға мемлекеттік органдарының дайын болмау тәуекелдері; екіншіден, жекелеген жүйелердің өнеркәсіптік пайдалануға берілмеуі.



Сурет 1. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу негіздері
Е с к е р т у – нормативтік акт негізінде авторлармен құрастырылды [3]

2019-2020 жылдарға Есеп комитетімен интеграцияланған ақпараттық жүйені жаңғырту бойынша, қосымша 15 ақпараттық жүйелермен интеграциялануды қоса алғанда, сүбелі жұмыстар атқарылмақ [4]. Ал бұл дегеніміз, мемлекеттік аудит объектісін қашықтықтан тексеру, яғни электрондық аудит анықтамасына сай келеді.

Ұлт жоспарының 93 қадамын орындау шеңберінде, 2016 жылдан бастап "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау" туралы Заңымен ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, қашықтықтан, мемлекеттік аудит объектілеріне бармай, ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті және оның аумақтық бөлімшелерімен жүзеге асыратын камералдық бақылау енгізілген [5]. Осы жұмыста біз камералдық бақылауды аудиттің бір түрі ретінде электрондық мемлекеттік аудитпен байланыстырып қарастырдық.

Зерттеу барсында біздермен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 мамырға дейін іске асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың камералдық бақылау нәтижелері қарастырылды. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша қарауға жататын мемлекеттік сатып алулардың жалпы сомасы 125 млрд 649 млн 600 мың теңге сомасындағы 31 386 лотты құрады. Барлық сатып алулар 31 386 лоттар бойынша 125 миллиард 649 миллион 600 мың теңге немесе 100% құраған болатын. Оның ішінде бұзушылықтар анықталған лоттар - 16 миллиард 419 миллион 810 мың теңге (13,1%)

сомасындағы 449 лот (1,3%). 16 миллиард 419 миллион 810 мың теңгеге 449 хабарлама (449 лот) жіберілді. Орындалған хабарламалар 16 миллиард 16 миллион 278 мың теңге сомасына 446-ны (99,33%) құраса, 403 миллион 532 мың теңге сомасындағы 3 хабарлама әлі де орындалу үстінде болып табылады. Бұл деректер электронды түрде жүзеге асырылған камералдық бақылаудың жоғары тиімділігін айғақтайды. Және бұл жерде электрондық аудиттің дәстүрлі мемлекеттік аудиттен ерекшелігін де байқауға болады. Әдетте, мемлекеттік аудит жылына бір рет жүргізіледі, - электрондық аудиттің орындалуы ай сайын, апта сайын немесе (қажет болған жағдайда) күн сайын жүзеге асырылуы мүмкін. Әрине, іс жүзінде электрондық аудиттің осындай мүмкіндігі, тікелей қол жеткізудің толық автоматтандырылған үрдісі ретінде орындалған жағдайда ғана пайда болады.

Электрондық аудитті енгізу үшін, ол интеграцияланған ақпараттық жүйенің бір бөлігі болуы тиіс. Сондықтан да кешенді ақпараттық-талдау жүйесі қажет. Айта кету керек, енгізбестен бұрын жеке деректер базасын құру мен қолданыстағыны әртүрлі жүйелерге толтыру емес, жүйені бірыңғай модельге модельдеу керек. Жүйені құрайтын талдамалар мен енгізулер Есеп Комитетінде де, тексеру комиссияларында да, кешенді түрде және бір мезгілде жүргізілуі тиіс, осылайша бірыңғай үйлесімді жүйені, қолданыстағы жалпы әдістемелік, құқықтық, ақпараттық-технологиялық, ақпараттық, техникалық ақпараттарды құруға жол ашады.

Біздің ойымызша, жақын арада іске асырылуы мүмкін мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық-талдау, яғни электрондық аудит қызметін қамтамасыз етудің функционалдық қосалқы жүйелерін әзірлеу мен қалыптастырудың бірқатар принциптерге байланысты дамиды. Ұсынылған тұжырымдамаға сәйкес, жүйенің функционалдылығы шартты түрде төрт топқа бөлінген. Олар:

- тиісті мемлекеттік аудит органдарының негізгі қызметін қамтамасыз ету;
- жүйесінің жұмыс істеуін бақылау және басқару;
- ақпараттық өзара іс-қимыл;
- ақпараттық қауіпсіздік.

Бұл ретте ірі мемлекеттік аудит саласындағы жобалар негізінде, электрондық аудит жүйесі арқылы мемлекеттік аудиттің елеулі дәрежесін арттырудың аса қажет болған жағдайында, мемлекеттік аудит органдарында жаңа типтік технологиялық мүмкіндіктердің пайда болуына қарай, электрондық аудит жүргізу әдіснамасына тезірек көшудің объективті қажеттілігі туындайды.

Жалпы электрондық аудит жүйесін енгізу қол жетпейтін құндылық емес, бұл қазіргі мемлекеттік аудит жүйесінің ажырамас бөлігі. Электрондық аудиттің маңыздылығы, дамуы қазіргі мемлекеттік аудит жүйесінде орынды құбылыс деп айтуға болады. Барлық қарастырылған мәселелердің түпкі ойы сәйкес келетіндей етіп, бір жүйеге орналастыру электрондық аудиттің еліміздің экономикасына енгізудің басты мақсаты болып табылады. Электрондық аудитті енгізу үшін, ол интеграцияланған ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болуы тиіс. Сондықтан да кешенді ақпараттық-талдау жүйесі қажет. Айта кету керек, енгізбестен бұрын жеке деректер базасын құру мен қолданыстағыны әртүрлі жүйелерге толтыру емес, жүйені бірыңғай модельге модельдеу керек. Жүйені құрайтын талдамалар мен енгізулер Есеп комитетінде де, тексеру комиссияларында да, кешенді түрде және бір мезгілде жүргізілуі тиіс, осылайша бірыңғай үйлесімді жүйені, қолданыстағы жалпы әдістемелік, құқықтық, ақпараттық-технологиялық, ақпараттық, техникалық ақпараттарды құруға жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000634>

анық мысалы ретінде, біз мемлекеттік электрондық аудиттің теориялық аспектілерін және нақты жағдайын талдап, жетілдіру жолдарын ұсынуды мақсат тұттық.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз қазіргі кезде жаңа технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік аудит саласындағы қажетті ақпараттарды мүмкіндігінше дистанционды алып, өзекті мәселелерді шешуге бағытталғын маңызды жұмыстар жүргізілуде екенін көрсетті. Біріншіден, электрондық аудиттің құқықтық негізі қалыптастырылуда. Мәселен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы №413 бұйрығына сәйкес, яғни «Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларын бекіту туралы» ережеге сүйенсек, электрондық мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты байланысты жою жолымен мемлекеттік аудит объектілеріне жүктемені төмендету, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне сәйкес аудит жүргізу мерзімдерін қысқарту және жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жедел шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттарды, сонымен қатар ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жүргізіледі [3]. Нақтырақ айтсақ, электрондық аудиттің мақсаты – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін жоспарлау, орындау, есеп беру, бақылау сияқты бірнеше негізгі процестерді біріктіру арқылы, бақылау нәтижелерін жан-жақты, тиімді дистанционды бағалау болып табылады. Ал, электрондық аудит міндеттері:

- ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қашықтықтан мемлекеттік аудит объектісінің қызметін бақылау;
- ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қашықтықтан мемлекеттік аудит объектісінің қызметінің тиімділігін анықтау;
- мемлекеттік аудит объектілеріне жүктемені төмендету;
- мемлекеттік аудит объект қызметінің тиімділігін жедел бақылау;
- қашықтықтан тексеру арқылы бұзушылықтарды анықтау.

Яғни, электрондық аудитті сыртқы мемлекеттік органдарының бақылау жүйесіне енгізу, жүргізілген аудиттің нақтылығын, тәуелсіздігін, жылдамдығын арттыруға үлкен үлес қосады.

Берілген бұйрық негізінде, электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы, куәландырылған электрондық құжаттарды, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, осы құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін пайдаланған жағдайда ғана жүргізіледі.

Ғылыми және арнайы әдебиеттерді зерделеу нәтижесінде электрондық аудиттің толыққанды сипаттамасы қалыптасқандығы анықталды. Әдебиеттерді жүйелей келе, біз электрондық аудитке келесі авторлық сипаттамамызды ұсынамыз: «Электрондық аудит – заманауи инновациялық технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік сектордың қаржылық және қаржы-шаруашылық қызметі барысында орын алатын тәуекелдердің, бұзушылықтардың деңгейін төмендететін қашықтықтан жүргізілетін аудит түрі болып табылады».

Нормативтік құжаттармен электрондық мемлекеттік аудитті жүргізу негіздері анықталған (1 сурет).

Қазақстан Республикасы мемлекеттік аудит органдарымен электрондық аудитті қолданудың қазіргі жағдайына келетін болсақ, оны ақпараттандыру мақсатында барлық мемлекеттік органдар мен аудит объектілерінің жүйелерін интеграциялаудың маңызы зор. Біздің жүргізген зерттеулеріміз осы бағытта олқылықтар бар екенін айқындады.

Есеп комитеті басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы бағыттың дамуына жасалып отырған жұмыстың мақсатты және ең бастысы электрондық аудитті енгізуге қол жеткізу үшін, бұл мәселені ауқымды саралауда. Есеп комитетінің Қаржы министрлігімен бірлескен іс-қимылы нәтижесінде Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидалары бекітілді. Қағидалар Есеп комитеті қызметін реттеуші негізгі заңдардың бірі болып

2 Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>

3 Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 413 бұйрығы - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016677>

4 Есеп комитетінің ресми сайты - <http://www.gov.kz/memleket/entities/esep/press/media/details/osnovnye-itogi-deyatelnosti-schetnogo-komiteta-za-2019-god-i-zadachi-na-2020-god?lang=kk>

5 Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012599>

6 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті <http://fincontrol.sko.kz/>